

Баспасөз хабарламасы

Нұр-Сұлтан қ., 7 желтоқсан 2021 жыл

«ҚазТрансОйл» АҚ «Өзен-Атырау-Самара» магистральдық мұнай құбырының жаңадан салынған үш учаскесін қосу жұмыстарының аяқталғаны туралы хабарлайды

«ҚазТрансОйл» АҚ жұмыскерлері жалпы ұзындығы 22 километр құбыр желісінің жаңадан салынған екі учаскесін «Өзен-Атырау-Самара» магистральдық мұнай құбырына және «Бейнеу» МАС мұнай жылыту пунктінің кіру және шығу коллекторының технологиялық құбырларымен салынған учаскесіне қосу бойынша жұмыстарды аяқтады.

Өндірістік инфрақұрылымның сенімділігін арттыру жөніндегі жұмыстар шеңберінде «Өзен-Атырау-Самара» магистральдық мұнай құбырының 266,7 – 281,7 км, 283,7 – 290,7 км учаскелері ауыстырылды. Сондай-ақ, 322,4 км-дегі мұнай құбырына «Бейнеу» МАС мұнай қыздыру пунктінің кіру және шығу коллекторының қолданыстағы құбырларын ауыстырды.

Іс-шараларға Маңғыстау, Құлсары, Атырау, Ақтөбе, Павлодар және Қарағанды мұнай құбыры басқармаларының 345 жұмыскері, сондай-ақ пайдалану департаментінің, «Мұнай тасымалдауды басқару орталығы» филиалының бас диспетчерлік басқармасының, «ҚазТрансОйл» АҚ өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбек қорғау және ТЖ департаментінің жұмыскерлері және 108 арнайы техника жұмылдырылды. Сонымен қатар, мердігер ұйымдардың 61 жұмыскері және 14 техника тартылды. Құбыр учаскелерін қосу бойынша жұмыстарды жүргізу үшін «Өзен» БМАС - Т.Қасымов атындағы МАС учаскесінде «Өзен – Атырау – Самара» магистральдық мұнай құбырын 72 сағатқа жоспарлы тоқтату жоспарланды. Барлық техникалық іс-шаралар өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарды сақтай отырып, мерзімінде орындалды.

«Өзен – Атырау – Самара» магистральдық мұнай құбырының учаскелерін ауыстыру «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2021-2025 жылдарға арналған бекітілген инвестициялық бағдарламасын іске асыру шеңберінде орындалды.

«Өзен-Атырау-Самара» мұнай құбыры қазақстандық мұнайды әлемдік нарыққа экспорттау бойынша екінші орында. Мұнайды «Өзен –Атырау – Самара» мұнай құбыры және одан әрі «Транснефть» ЖАҚ жүйесі арқылы жеткізу Усть-Луга Балтық терминалына және Новороссийск Қара теңіз портына дейін жүзеге асырылады. 2021 жылғы 9 айда «Өзен – Атырау – Самара» мұнай құбыры арқылы 9,3 млн тонна мұнай тасымалданды.

Анықтама үшін:

«ҚазТрансОйл» АҚ – магистральдық мұнай құбыры бойынша ҚР ұлттық операторы болып табылады. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобына кіреді. Ұзындығы 5,4 мың км әртараптандырылған магистральдық мұнай құбыры желісіне иелік етеді. Мына бағыттар бойынша қазақстандық мұнай өндіру зауыттарына және экспортқа мұнай тасымалдайды: «Өзен-Атырау-Самара» магистральдық мұнай құбырының «Атырау – Самара» учаскесі, «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС жүйесіне ауыстырып тиеу («Атасу-Алашанькоу» мұнай құбыры), Ақтау порты (танкерге мұнай құю), «Каспий Құбыры Консорциумы» АҚ жүйесіне ауыстырып тиеу, «Шағыр» МҚП және Т. Қасымов атындағы МАС-та темір жол цистерналарына мұнай құю. «ҚазТрансОйл» АҚ өндірістік объектілері Қазақстанның Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Павлодар, Қарағанды, Қызылорда, Алматы, Түркістан, Солтүстік Қазақстан облыстарында, Нұр-Сұлтан және Шымкент қалаларында орналасқан.

**«ҚазТрансОйл» АҚ
жұртшылықпен байланыс және
ішкі коммуникациялар департаменті**